

Беркинбаева Гульзат Онгарбековнаның «Қазақ тілін оқыту үдерісінде жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбындағы 6D011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Қазақ тілі қазіргі адамдар арасында тек түсінісу, пікір алысу құралы ретінде ғана емес, өмір қажеттілігін өтейтін мемлекеттік мәртебе алған қоғамдық қарым-қатынас құралы болғандықтан, мектеп оқушыларын ана тілі қазақ тілінде мәдени әдепті дұрыс сөйлей білуге үйрету қажеттілігі күн сайын артып келеді. Диалогтік сөз мәдениетін дамыту тілдік тұлғаны қалыптастырудың шешуші құрамдас бөлігі екендігі де зерттеудің маңыздылығын көрсетеді. Диалогтік сөздің түрлері мен ерекшеліктерін түсініп, оқушылардың тіл байлығын жетілдіріп, сыни тұрғыдан ойлау, коммуникативті қабілеттерін дамыту үшін оларды оқытудың маңызы зор. Зерттеу жұмысында жалпы орта білім беру ұйымдарында қазақ тілі оқу бағдарламасында диалогтік сөз мәдениетін оқытуды жетілдірудің теориялық негізі мен практикалық ұсыныстары берілген. Зерттеу нәтижелері қазақ тілінің оқу бағдарламалары мен оқулықтарын жасауға септігін тигізіп, жалпы орта білім беретін мектептерде қазақ тілін оқытуды жетілдіруге негіз бола алады.

Жоғары сыныпта қазақ тілі пәнінде сөз мәдениетін, диалогтік сөзді оқытуда ғылыми, психологиялық-педагогикалық еңбектер мен тілдерді оқытудың әдістемелік құралдарын пайдаланудың негізгі аспектілерін анықтау болып табылды. Білім беру мазмұны мен оқыту әдістерін жетілдіруге ықпал етуге бағытталған зерттеу барысында жасалған қорытындылар қазақ тілі бойынша «Диалогтік сөз мәдениеті» оқу-әдістемелік құралды дайындауда басшылыққа алынған. Тілдік тұлғаны қалыптастыруда жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін арттыру проблемасының маңыздылығы расталып, оқушылардың сөйлеу мәдениетін арттыруға арналған жаттығулар әзірленіп, олардың дидактикалық принциптері нақтыланған.

Ізденуші диссертация тақырыбына сәйкес диалогтік сөз мәдениеті туралы жалпы теориялық мәселелерін бірінші тарауда, ал оны оқытудың әдіснамалық негіздері мен жүйесін екінші тарауда бөліп қарастырған.

Г.О.Беркинбаеваның диссертациялық жұмысында «Диалогтік сөз мәдениеті түрлерін жетілдірудің ғылыми-әдіснамалық негіздері» атты тарауында диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі теориялық тұрғыда негізделіп, жоғары сыныпта диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру мәселесі бүгінгі таңдағы заманауи оқыту талаптарымен толық сәйкестенген.

Диссертация тақырыбына сәйкес тарау-бөлімдері жүйелі құрылған. Зерттеу мақсаты мен осы тарауларға сәйкес міндеттер дұрыс қойылған. Зерттеудің нәтижелері бірінен бірі туындап, сабақтаса тұжырымдалған.

Екінші тарау «Диалогтік сөз мәдениетін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі» деп аталып, диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру қазақ тілін оқыту мақсатына жетудің негізгі тетіктерінің бірі екендігін дәйектейді. Сөйлеудің диалогтік мәдениеті коммуникативті жағдаяттың ерекшеліктері мен қарым-қатынас мақсатын ескере отырып, өз ойын, пікірін сауатты және жүйелі жеткізу, сонымен қатар әңгімелесушімен тиімді әрекеттесу дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру мәселесін қарастырады.

Диссертациялық жұмыс оқушының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру мақсатында белсенді тыңдау, сұрақ қоя білу, өз позициясын дәлелдеу, кері байланыс бере білу, т.б коммуникативтік дағдыларды дамытуды көздейді. Бұл дағдылар өмірдің әртүрлі салаларында, соның ішінде кәсіби салада, әлеуметтік ортада және жеке өмірде табысты өзара әрекеттесу үшін қажет. Диссертацияның әрбір тарау, бөлім бойынша алған нәтижелері мен түйінделген тұжырымдарының барлығын теориялық және тәжірибелік тұрғыдан анықталған деуге болады. Нәтижелер ғылымдағы әдіснамалық зерттеулерге, тарихи тілтанымдық ойларға, тұжырым-пікірлерге, сонымен қатар сауалнамалық эксперименттерге негізделген. Сондықтан зерттеу нәтижесінде жасалған тұжырымдар мен қорытындылардың шынайылық дәрежесі жоғары деп баға бере аламын.

Қорытынды бөлімінде ізденуші қазақ тілін оқытудың жаңа технологиялары мен жеке тұлғаның тіл байлығын дамыту жолдарын талдап, олардың диалогтік сөз мәдениетін меңгеруге ықпал ету мүмкіндігін баяндайды. Интербелсенді әдістерді қолдану тілді оқыту әдістемесін ұйымдастыру мен жүйелеу деңгейін жоғарылатуға, оқушының тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін арттыруға мүмкіндік беретінін дәйектей отырып, ізденуші қазақ тілін оқытуда әлі де қолданысы аз қазіргі білім беру жүйесінде өзекті болып табылатын 4К моделі: коммуникативтік, шығармашылық, сыни ойлауды қалыптастыру, бірлескен жұмыс ортасын құру дағдыларын дамыту арқылы диалогтік сөз мәдениетін меңгертуге болатындығы туралы тұжырымдама жасаған. Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар зерттеу жүргізуге арналған этикалық талаптар мен нұсқауларды басшылыққа алған. Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және оларды практикалық қолданысқа енгізу зерттеудің мақсат-міндеттеріне сай жүргізілген.

Беркинбаева Гульзат Онгарбековна «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Қазақ тілін оқыту үдерісінде жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысының қолжазбасы зерттеулер жүргізілген өзіндік квалификациялық еңбек болып табылады.

Қорытындылай келе, диссертант Беркинбаева Гульзат Онгарбековнаның «6D011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақ тілін оқыту үдерісінде жоғары сынып оқушыларының диалогтік сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» атты диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ережелерінің талаптарына сай келетін, мақсатына толық жеткен, аяқталған жұмыс ретінде бағалаймын.

Г.О.Беркинбаеваның диссертациялық жұмысы жоғары деңгейде орындалған жұмыс ретінде қорғауға болатын еңбек деп санаймын. Диссертантқа «6D011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық
қазақ-түрік университеті
ф.ғ.к., доцент

